

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидасын бекіту туралы

Күшін жойған

Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2013 жылғы 06 тамыздағы № 437 қаулысы. Маңғыстау облысының Әділет департаментінде 2013 жылғы 06 қыркүйекте № 2290 тіркелді. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 2022 жылғы 19 маусымдағы № 256 қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды-Маңғыстау облысы Жаңаөзен қаласы әкімдігінің 19.05.2022 № 256 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

РҚАО-ның ескертпесі.

Құжаттың мәтінінде түпнұсқаның пунктуациясы мен орфографиясы сақталған.

Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңының 18-бабының 22) тармақшасына және 31-бабына, 2001 жылғы 23 қаңтардағы "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 31-бабының 1-тармағының 2) тармақшасына, Қазақстан Республикасы Премьер - Министрінің 2011 жылғы 18 сәуірдегі № 49-ө "Мемлекеттік мүлік туралы" Қазақстан Республикасының 2011 жылғы 1 наурыздағы Заңын іске асыру жөніндегі шаралар туралы" өкіміне сәйкес, Жаңаөзен қаласы әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидасы бекітілсін.

2. "Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі" мемлекеттік мекемесі (Р.Джантлеуова):

осы қаулыны әділет органдарында мемлекеттік тіркелуін, кейіннен бұқаралық ақпарат құралдарында және уәкілетті мемлекеттік органның интернет - ресурстарында жариялауды қамтамасыз етсін.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау қала әкімінің орынбасары Н.Худибаевқа жүктелсін.

4. Осы қаулы әділет органдарында мемлекеттік тіркелген күннен бастап күшіне енеді және алғаш ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Келісілді:

"Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы
және ветеринария бөлімі" мемлекеттік
мекемесінің басшысының міндетін атқарушы

Ш. Жалжанов

"Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі"

мемлекеттік мекемесінің басшысы

Р. Джантлеуова

Жаңаөзен қаласы әкімдігінің
2013 жылғы 06 тамыздағы
№ 437 қаулысымен бекітілген

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану Қағидасы 1. Жалпы ережелер

1. Осы қағида Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексіне, 2011 жылғы 1 наурыздағы "Мемлекеттік мүлік туралы" Заңына сәйкес жасақталды және коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарларды келіп түсу және пайдалану тәртібін айқындайды.

2. Қараусыз қалған жануарлар қалалық коммуналдық меншікке Қазақстан Республикасының Азаматтық Кодексінің 246-бабының 3-тармағына сәйкес келіп түседі, егер алты ай ішінде жұмыс малы мен ірі қара малды, басқа үй жануарларын екі ай ішінде ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап және олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді. Бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар коммуналдық меншікке түседі және жергілікті атқарушы органның белгіленген тәртібі бойынша пайдаланылады.

2. Жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке түсуі

3. Жануарлардың қалалық коммуналдық меншікке түсуі тапсыру - қабылдау актісі негізінде жүзеге асырылады. Тапсыру - қабылдау актісі, жануарларды тапсырған тұлғаның, тиісті қала әкімінің (бұдан әрі – әкім), "Жаңаөзен қалалық ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі" мемлекеттік мекемесі (бұдан әрі – ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімі) және "Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі" мемлекеттік мекемесінің (бұдан әрі – қаржылар бөлімі) жауапты қызметкерлерінің қатысуымен жасалады. Тапсыру-қабылдау актісін қаржы бөлімінің басшысы немесе оны алмастыратын лауазымды тұлға бекітеді.

Тапсыру - қабылдау актісінде міндетті түрде қалалық коммуналдық меншікке түсетін жануарлардың жасы, тұқымы, түр - түсі, жынысы, күйі және саулығы көрсетілуі тиіс.

4. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам оларды меншік иесіне қайтаруға, ал егер оның өзі немесе тұрған жері белгісіз болса, осындай жануарларды ұстаған кезден бастап үш күннен кешіктірмей табылған жануарлар туралы ішкі істер органына немесе жергілікті атқарушы органға мәлімдеуге міндетті, олар меншік иесін іздестіру шараларын қолданады.

Жануарлардың меншік иесін іздестіру кезеңінде жануарларды ұстаушы адам оларды өзінің бағуында және пайдалануында қалдыруы, не ол бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар басқа адамға тапсыруы мүмкін. Жануарларды ұстап алған адамның өтініші бойынша оларды бағу мен пайдалану үшін қажетті жағдайы бар адамды іздеп табуды және оларға жануарларды беруді жергілікті атқарушы органы жүзеге асырады. Жануарларды ұстап алған адам және олар бағуы мен пайдалануына берілген адам жануарлардың өлім-жітімі мен іске жарамай қалғаны үшін бұған кінәсі болған кезде ғана және сол жануарлардың құны мөлшерінде жауапты болады. Егер жұмыс малы мен ірі қараны ұстап алғаны туралы мәлімделген кезден бастап алты ай ішінде және басқа үй жануарлары жөнінде - екі ай ішінде олардың меншік иесі табылмаса және оларға өзінің құқығы туралы мәлімдемесе, бұл жануарларға меншік құқығы жануарларды баққан және пайдаланған адамға көшеді. Бұл адам бағуында болған жануарларды меншігіне алудан бас тартқан жағдайда олар коммуналдық меншікке түседі және тиісті жергілікті атқарушы органы белгілейтін тәртіп бойынша пайдаланылады. Жануарларды меншік иесіне қайтарған ретте жануарларды ұстап алған адам және жануарларды бағып, пайдаланып келген адам сол меншік иесінен жануарларды пайдаланудан алынған пайданы есепке жатқыза отырып, оларды бағуға байланысты өз шығындарына өтем алуға құқылы. Қараусыз немесе қаңғып жүрген малды және басқа да үй жануарларын немесе қолға үйретілген жануарларды ұстап алған адам олардың меншік иесінен Қазақстан Республикасының 1994 жылғы 27 желтоқсандағы Азаматтық кодексінің 245-бабының 6-тармағына сәйкес сыйақы төлеуді талап етуге құқылы.

Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

3. Жануарларды уақытша күтімге алу

5. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарлар оларды уақытша күтімге алу үшін әкім анықтаған жеке адамдарға не шаруа немесе фермер қожалықтарына немесе мемлекеттік заңды тұлғалардың қосалқы шаруашылықтарына 6 (алты) айға дейінгі мерзімге келісім шарт негізінде бекітіліп беріледі.

6. Әкім жануарларды уақытша күтімге алатын тұлғаларды анықтау кезінде, олардың жануарларды күтімге алу жағдайына алдын-ала зерттеу жүргізеді. Жануарларды уақытша күтімге алушы тұлғаны анықтау кезінде, міндетті түрде күтімге алатын тұлғаның жануарды бағып - күтетін орын - жайының (қорасы, ауласы), құрал - сайманының, тәжірибесінің болуы сонымен қатар, жануарларға адамгершілік тұрғыда қарай алатын әділдік, адалдық, ізгілік, қайырымдылық, мейірімділік, түсіну сияқты қасиеттері ескерілуі тиіс.

Жабдықталған торларды, аквариумдарды, террариумдарды, бассейндерді, шарбақтарды және басқа да арнаулы учаскелер мен (немесе) үй-жайларды (бұдан әрі – үй-жайлар) қоса алғанда, жануарларды ұстау үшін жағдайлар болған кезде олар еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұсталады.

Еріксіз немесе жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарлар түріне, жынысына, физиологиялық жай - күйіне байланысты өздерінің биологиялық ерекшеліктеріне сәйкес:

1) демалу, орын ауыстыру және табиғи қалпын қабылдау мүмкіндігі үшін кеңістік көлемімен (індер, ұялар, жасырын баспаналар, қалқалар, тоғандар және басқалар);

2) қажет болған жағдайда олардың қозғалу, ұйықтау, табиғи белсенділік таныту, табиғи ортамен байланыс жасау, қоректену және су ішу қажеттілігін қанағаттандыру мүмкіндігімен;

3) астаулармен, суаттармен, құстар келіп қонатын сырықтармен және олардың табиғи қажеттіліктерін қанағаттандыруға арналған басқа да жабдықтармен;

4) жем - шөппен және ішетін сумен;

5) зоотехникалық және ветеринариялық іс-шаралармен қамтамасыз етіледі.

Еріксіз жағдайда ұсталатын жануарлар:

-үй - жайды тыныс - тіршілік өнімдерінен тазарту жүйесімен;

-үй - жайды лас ауаны сыртқа шығарып, желдету және суды аэрациялау жүйесімен, артық суды ағызып жіберетін жабық дренаж жүйелерімен қамтамасыз етіледі.

Еріксіз және жартылай ерікті жағдайларда ұсталатын жануарларға күтім жасау басқа жануарларға зиян келтірмеудің алдын алу шаралары қолданылып

және қызмет көрсететін персонал мен келушілердің қауіпсіздік жағдайлары қамтамасыз етіле отырып жүргізіледі. Үй-жайлар оңай ашылатын құлыптармен, ілмектермен және басқа да оқшаулау құрылғыларымен, олардың өздігінен ашылып кетіп, жануарлардың үй-жайдан тысқары жерлерге кетіп қалуына жол бермейтін бекіткіштермен жабдықталады.

Аквариум әйнектерін қабырғаларға, темір және басқа да металл жақтауларға жұмсақ амортизатор төсемдерінсіз орнатуға жол берілмейді.

Террариумдарда тамашалау терезелері сынбайтын шыныдан немесе басқа да сынбайтын мөлдір полимер материалдардан жасалады.

Торлар, бассейндер және шарбақтар, үй-жайлардың ішкі және сыртқы қоршаулары жануарлардың өмірі мен саулығына қатер төндірмеуге тиіс.

Зерттеу қорытындысы қаржы бөліміне ұсыныспен қоса жолданады.

Жеке қосалқы шаруашылықтарда елді мекендердің шекаралары шегінде мал ұстаудың келесідей ветеринарлық нормативтері сақталуы тиіс:

Жануар түрлері	Барлығы 1 басқа керекті тұрақ көлемі, кв.м
Ірі кара мал: сиыр	35,8
қашар	29,1
12-18 ай арасындағы	27,7
3-12 ай арасындағы	19
3 айлық арасындағы төлдер	7,6
Жылқы: бие	38,4
1 жастан жоғары	30,1
1 жасқа дейінгі төлдер	14,4
Қой: аналық қой	11,6
1 жастан жоғары жас қойлар	8,4
Қозы	3,05
Ешкі: аналық ешкі	11,7
1 жастан жоғары	6,3
Шошқа: аналық	24,2
4 айлық жастан жоғары	9,8
2-4 айлық жастан арасындағы	7,5
2 айлық жастан	1,9
Түйе	-
Тауық жұмыртқабасар	1,7
Қаз аналық	2,8
Үйрек аналық	2,7

** барлық нормативтер есебіне мынадай тұрақ көлемі кіреді: 1 басқа арналған тұрақ көлемі, серуен алаңы, азық сақтау, шөп қора қоймасы, қи төсек қоймасы,

жемсауыт түйе малының нормативтік тұрақ көлемі ірі қара малдарының нормативтік тұрақ көлемінде теңдестірілген.

4. Елді мекендер үшін ауыл шаруашылық пайдаланымындағы жерлерде малдарды бағу жүктемесінің ветеринарлық нормативтері

Қазақстан Республикасы аумағында доминантты жайылым түрлеріндегі ауылшаруашылық жануарларының жайылым жүктемесі:

Аумақ	Аймақтар бойынша жайылымдардың жалпы өнімділігі а.б, ц/га	Жайылымға ауылшаруашылығы жануарларының жайылым жүктемесі, га/1 басына, қалпына келген/деградацияланған							
		Іріқара малдар		қой мен ешкілер		жылқылар		түйелер	
		Жайылым типі бойынша	Аймақ бойынша	Жайылым типі бойынша	аймақ бойынша	Жайылым типі бойынша	аймақ бойынша	Жайылым типі бойынша	аймақ бойынша
Батыс аумағы	3,0/1,5	11,3/17,1	13,2/19,5	2,2/ 3,4	2,6/ 3,9	13,5/20,4	15,8/23,4	15,8/26,9	18,9/27,3

Доминантты жайылым түрлеріндегі ауылшаруашылық жануарларының жайылым жүктемесі:

Эколого-географиялық аудандар (аймақтар)	Жайылым типтері (басымы)	Аймақтар бойынша жайылымдардың жалпы өнімділігі а.б, ц/га	Жайылымға ауылшаруашылығы жануарларының жүктемесі, га/1 басына, қалпына келген/деградацияланған								
			Іріқара мал		қой мен ешкі		жылқылар		түйелер		
			жайылым типі бойынша	аймақ бойынша	Жайылым типі бойынша	аймақ бойынша	жайылым типі бойынша	аймақ бойынша	жайылым типі бойынша	аймақ бойынша	
1	2	3	4	5	6	7	8	9	10	11	
	Қоңыржусанды қоңырбасты дәрежелер		12,0/18,0		2,4/3,6		14,6/21,6		16,8/25,2		
	Қоңыржусанды итсигектімен қаражусанды		12,0/18,0	12,5/18,5	2,4/3,6	2,5/3,7	14,4/21,6	15,0/22,2	16,8/25,2		

Нағыз (орта) шөлейт	биұрған ды							17,5/ 25,9
	Мортық ты- итсигект і- ебелекті	2,2/ 1,0	14,0/ 21,0	2,8/ 4,2	16,8/ 25,2	19,6/ 29,4		
	Қоңырж усанды- кейреуік ті- доланал ы		11,0/ 16,5	2,2/ 3,3	13,2/ 19,8	13,2/ 19,8		
	Биұрған ды- кейреуік ті мен қоңырж усанды		14,5/ 21,5	2,9/ 4,3	17,4/ 25,8	20,3/ 30,1		

7. Жануарларды уақытша күтімге алушы тұлғамен келісім шарт әкімнің ұсынысы негізінде қаржы бөлімімен жасақталады.

8. Жануарларды күтімге алу шығыны күтуші тұлғаға қаржы бөлімімен жергілікті бюджет есебінен өтеледі. Өтеу шығынына сол жердегі нарықтық бағамен белгіленген зоотехникалық нормаға негізделген жем - шөптің құны және күтушінің еңбек ақысы кіреді. Күтушінің еңбек ақысының мөлшері Қазақстан Республикасы заңында белгіленген айлық жалақының ең төменгі мөлшерінен кем болмауы және мемлекеттік заңды тұлғалар қызметкерлерінің еңбегіне ақы төлеу жүйесінде белгіленген мөлшерден артық болмауы тиіс. Өтеу шығынынан жануарларды күтімге алу кезеңінде олардан түскен пайда сол елді мекендегі нарықтық бағамен есептеп шегеріледі.

9. Жануарларды күтімге алған тұлға олардың өлім - жітімі мен жарамсыздығына кінәсі болған жағдайда, сол жануардың құны мөлшерінде жауапты болады.

10. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды ветеринариялық қадағалау және жұқпалы ауруларға қарсы егу іс - шаралары ауыл шаруашылығы және ветеринария бөлімінің қадағалауымен жүзеге асырылады. Ветеринариялық қадағалау және егу шығындары жергілікті бюджет есебінен қаржыландырылады.

5. Жануарларды бағалау, есепке алу және бекітіп беру

11. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану үшін оларды қалалық коммуналдық мүліктер тізбесіне енгізу және бағалау (қайта бағалау) жүргізіледі. Тізбеге енгізу және бағалау (қайта бағалау) жөніндегі

жұмыстарды Қазақстан Республикасы заңнамасында белгіленген тәртіппен қаржы бөлімі жүзеге асырады.

12. Бағалау жүзеге асырылғаннан кейін, жануарлар қала әкімдігінің қаулысымен тиісті қабылдау - беру актісі негізінде әкім аппаратының теңгеріміне бекітіліп беріледі. Теңгерімге алу Қазақстан Республикасы Үкіметі белгілеген тәртіппен қабылдау - беру актісі негізінде жүзеге асырылады.

6. Жануарларды одан әрі пайдалану

13. Қалалық коммуналдық меншікке түскен қараусыз жануарлар мынадай тәсілдердің біреуімен пайдаланылады:

1) қосалқы шаруашылығы бар мемлекеттік заңды тұлғалардың теңгеріміне өтеусіз беру;

2) аукцион арқылы сату;

3) сауда ұйымдары арқылы сату;

4) жануарларды (ауыл шаруашылығы жануарлары мен үй құстарынан басқа) қорғайтын арнайы орындарға немесе жеке адамдарға өтеусіз беру.

14. Қалалық коммуналдық меншікке түскен жануарларды одан әрі пайдалану тәсілін әрбір нақты жағдайда қала әкімдігінің қаулысымен құрылған комиссия (бұдан әрі - Комиссия) жануарлар уақытша күтімге берілген мерзім ішінде шешеді. Комиссия шешімі хаттамамен рәсімделеді. Комиссияның міндетті құрамына қосымша шаруашылығына не жануарларды (жануардың түріне байланысты) арнаулы қорғау орындарына ие еткен мемлекеттік заңды тұлғалар мен мемлекеттік мекеме өкілдері енгізілуі қажет. Комиссия құрамы бес адамнан кем болмауы керек.

7. Жануарларды бұрынғы меншік иесіне қайтару

15. Жануарлар басқа адамның меншігіне көшкеннен кейін олардың бұрынғы меншік иесі келген ретте сол жануарлардың өзіне үйірсектігі сақталғанын немесе жаңа меншік иесінің оларға қатал не өзгедей мейірімсіз қарағанын дәлелдейтін жағдайлар болған кезде меншік иесі жаңа меншік иесімен келісім бойынша белгіленетін шарттармен, ал келісімге келмеген кезде - сот арқылы оларды өзіне қайтарып беруді талап етуге құқылы.

16. Жануарларды қайтару бұрынғы меншік иесінің, оларды бағуға байланысты шығынды жергілікті бюджет кірісіне жануарларды пайдаланудан алынған табысты шегере отырып өтегеннен кейін жүзеге асырылады.

17. Жануарлар бұрынғы меншік иесінен оларды қайтару жөнінде өтініш түскенге дейін сатылып кеткен немесе басқа меншік иесіне өтеусіз беріліп кеткен жағдайда, жануарларды сатудан түскен түсім немесе оның құны жергілікті

бюджет есебінен өтеледі. Бұл жағдайда, жануарды бағуға байланысты жұмсалған қаржының мөлшері шегеріледі.

18. Жануарларды қайтару немесе оның құнын өтеу бұрынғы меншік иесі қаржы бөлімі арасында жасалатын келісім - шартпен рәсімделеді.

8. Қорытынды ережелер

19. Жануарды сатудан түскен қаражат заңнамада белгіленген тәртіппен жергілікті бюджет кірісіне толық есептеледі.

20. Жануарды есепке алумен, бағалаумен, сатумен және өтеусіз берумен байланысты шығындар жергілікті бюджет қаражаты есебінен жүзеге асырылады.

Коммуналдық меншікке келіп түскен қараусыз қалған жануарлардың келіп түсу және пайдалануды айқындайтын комиссиясы

Худибаев Нурберген қала әкімінің орынбасары, комиссия төрағасы

Тураков Аманхос "Жаңаөзен қалалық ауыл Джиенбаевич шаруашылығы және ветеринария бөлімі" ММ-сі басшысы, комиссия төрағасының орынбасары

Сарбекова Сауле "Жаңаөзен қалалық ауыл Утеулиевна шаруашылығы және ветеринария бөлімі" ММ-сі инспекторы, комиссия хатшысы

Комиссия мүшелері:

Байжанов Галым "НұрОтан" ХДП төрағасының бірінші Улықпанович орынбасары /*келісім бойынша*/

Нуржауов Бакыт "Қазақстан Республикасы Ауыл Аманович шаруашылығы Министрлігінің ветеринариялық бақылау және қадағалау комитеті Жаңаөзен қалалық аумақтық инспекциясы" ММ-сі басшысы/*келісім бойынша*/

Гумарова Нуржума "Жаңаөзен қалалық экономика және Бопышевна бюджеттік жоспарлау бөлімі" ММ-сі басшысы

Джантлеуова Раушан "Жаңаөзен қалалық қаржылар бөлімі" Калдыкуловна ММ-сі басшысы

Нуртаев Амандык "Жаңаөзен қалалық ветеринариялық Утенович стансасы" МКК-нің директоры